

Педагогикалық әдеп кеңесі отырысының
№ 1 хаттамасы

20 қыркүйек 2023 жыл
Қатысқандар: 11

Күн тәртібінде:

1. Кеңес құрамымен және жоспарымен таныстыру.
2. Мұғалімдердің іскерлік киім үлгісіне қойылатын талаптар туралы

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша педагогикалық әдеп кеңесінің төрайымы Жұлдыбаева С.У. сөз алды.

Тыңдалды:

Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес білім беру ұйымдарында педагогтердің педагогикалық әдепті сақтау мәселелерін қарайтын алқалы орган болып табылады.

Кеңес өз қызметін «Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі ҚР заңының 5-бабының 34-1) тармақшасына сәйкес, «Педагог мәртебесі туралы» 2019 жылғы 27 желтоқсандағы ҚР Заңының 5-бабының 3-тармағына және 16-бабының 1-тармағына негізінде осы Қағидаларға, өзге де нормативтік құқықтық актілерге сәйкес жүзеге асырады және объективтілік пен әділдік, әдептілік, қоғамдық пікір мен жариялылықты есепке алу қағидастарын басшылыққа алады.

Кеңестің негізгі міндеттері: білім беру ұйымдарында педагогикалық әдепті сақтауды қамтамасыз ету; педагогикалық әдепті бұзуда ықпал еткен себептер мен жағдайларды талдау; педагогтердің тәртіптік жауапкершілігі туралы мәселені дұрыс қарау үшін қажетті және жеткілікті мән-жайларды жан-жақты, толық және объективті зерттеу болып табылады.

Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңестің ұсынымдарын орындау бойынша тиісті шаралар қабылдамаған лауазымды тұлғалардың жауапкершілігін қарау туралы ұсыныстармен құзыретті мемлекеттік органдарға немесе лауазымды тұлғаларға, білім беру ұйымының құрылтайшыларына жүгінуге құқығы.

Кеңес төрайымы: Жұлдыбаева С.У., кеңес мүшелері: ардагер ұстаз Ельдесов С.Б., Рычкова К.Т., АББ әдіскері Тұрар Б., орталық педагогтары Жауымбаева А.У., Далахова Г.К., Оразова Ж.Е., хатшысы Дуйсенова А.Е.

Педагогикалық әдеп кеңесі тоқсанына кеміне бір рет өтеді. Егер де арыз –шағым түсетін болса, кезектен тыс өткізіліп, шешімі шығарылады.

Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша кеңес төрайымы Жұлдыбаева С.У. сөз алды.

Тыңдалды:


Мұғалімдердің іскерлік киім үлгісіне қойылатын талаптар туралы айтылды.

Мұғалімдер өздерінің қызметтік міндеттерін орындау кезеңінде іскерлік киім үлгіде болуы, арнайы, ыңғайлы түс пен классикалық үлгідегі киімді алдағы уақытта кию қажет екенін ескертілді.

Кеңес шешімі:

1. МТББО педагогикалық әдеп кеңесінің жоспары бекітілсін.
2. Педагогтер жұмыс барысында іскерлік киім үлгісін ұстану.

Кеңес төрайымы:



Жұлдыбаева С.У.

Хатшы:



Дуйсенова А.Е.